

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2022 жылғы 2 маусым**

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік және мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету салаларындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл заң жобасына Парламент депутаттары бастамашы болды.

Бастамашылардың атынан баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Бижанова Гүлнар Қадіржанқызына беріледі.

БИЖАНОВА Г.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! 2018 жылғы маусымда зияткерлік меншік объектілерін тіркеудің бір деңгейлі жүйесін құруды, мемлекеттік қызметтер көрсету рәсімдерін оңтайландыруды, тауар белгісін заңсыз пайдаланғаны үшін өтемақы институтын және тауар белгілеріне өтінімдер жариялау тетігін енгізуді көздейтін заң қабылданды.

Осы заң жобасымен жұмыс зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдірудегі кезекті қадам болды. Бұл процесс ұлттық заңнаманы халықаралық шарттармен үйлестіру қажеттілігіне негізделген. Қазіргі уақытта Қазақстан 19 халықаралық шартқа және 25 өңірлік келісімге қатысушы болып табылады. Осыған байланысты

2020 жылы Парламент Мәжілісі Әділет министрлігіне осы саладағы құқық қолдану практикасына талдау жүргізуді ұсынды.

Талдау Reed Smith компаниясының заң консультанттарын тарта отырып жүргізілді. Оның қорытындысы бойынша зияткерлік меншік саласын одан әрі дамыту жөнінде ұсыныстар әзірленді.

Бұл жұмыстың нәтижелері Парламент Мәжілісінің депутаттарына таныстырылып, егжей-тегжейлі талқылаудан кейін заңнамалық бастаманың негізіне алынды.

По проекту закона нами проведено широкое обсуждение с привлечением всех заинтересованных сторон – авторов и правообладателей, патентных поверенных, ученых, экспертов Всемирной организации интеллектуальной собственности, заинтересованных государственных органов и НПП «Атамекен». В итоге разработан ряд поправок, направленных на совершенствование сферы регулирования интеллектуальной собственности.

Так, предложены поправки по повышению прозрачности и эффективности деятельности коллективных организаций. Эти нормы отражают ожидания почти девяти тысяч казахстанских авторов и правообладателей на получение причитающегося вознаграждения и направлены на исключение нарушений их прав коллективными организациями.

Также предлагается введение нового объекта интеллектуальной собственности – «географическое указание». Это позволит выйти отечественным товаропроизводителям на мировые рынки с новыми возможностями. Репутация и качество товаров в данном случае связаны с определенным географическим объектом. К примеру, это «казахстанский шоколад», «кокшетауское мороженое», «лепсинский мед», «осакаровский саумал» и многое другое.

Вводится краткосрочная охрана незарегистрированных промышленных образцов, что соответствует принятым обязательствам в рамках Соглашения о расширенном партнерстве и сотрудничестве с Европейским союзом, ратифицированного 25 марта 2016 года.

Предлагается «оппозиционная» система по товарным знакам, географическим указаниям и наименованию места происхождения товаров. Таким образом, представится возможность любым заинтересованным лицам направить возражение в экспертную организацию уже на этапе рассмотрения заявки. Это исключит возможные риски оспаривания на этапе регистрации объектов интеллектуальной собственности.

В части патентных поверенных поправки направлены на уточнение предъявляемых квалификационных требований, прав патентного поверенного и процедуры его исключения из реестра. Поправки позволят повысить качество услуг, оказываемых патентными поверенными.

Эти и ряд других принятых новелл значительно улучшат сферу регулирования интеллектуальной собственности.

Бұдан басқа заң жобасында халыққа мемлекет кепілдік берген заң көмегін 2025 жылға қарай екі есеге ұлғайту жөніндегі міндетті шешу ұсынылады. Мұндай міндет «Аманат» партиясының сайлауалды бағдарламасында қойылған.

Жол картасын орындау үшін 2022 – 2024 жылдарға республикалық бюджеттен 8 миллиард 700 миллион теңге бөлінді.

Түзетулер біріншіден, 12 мыңнан астам мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге, заң консультанттарын тартуға бағытталған және халықтың мұқтаж топтарын қамтуға көмектеседі. Бұл құқықтық мәселелерді шешу тиімділігін арттыруға, түрлі инстанцияларға жүгінудің санын азайтуға ықпал ететін болады. Екіншіден, азаматтық сот ісін жүргізуде мүдделерді қорғау және білдіру түрінде. Бұл ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандар, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбірленушілерге алименттер өндіріп алу мәселелері бойынша даулар, сондай-ақ құқықтық кеңес беру түрінде. Бұл тұлғаларға көп балалы және аз қамтылған отбасылар, тұрмыстық, жыныстық зорлық-зомбылыққа, адам саудасына, терроризм актісіне, не азаптауға ұшыраған жеке тұлғалар жатады. Сонымен бірге Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға жеңілдік бойынша теңестірілген адамдар, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтағы мүгедектер мен тағы басқа да осындай көмекке құқығы бар адамдар тобы кеңеюде.

Кепілдендірілген заң көмегін көрсетудің негіздері мен субъектілерін кеңейту арқылы халықтың құқықтық сүйемелдеуге деген қажеттілігін өтеу мүмкіндігі пайда болады.

Ұсынылып отырған түзетулер теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқтырмайды.

Құрметті әріптестер, заң жобасына қолдау көрсетулеріңізді сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Қалтаева Ләззат Молдабекқызына беріледі.

ҚАЛТАЕВА Л.М. Мой вопрос к представителю Министерства юстиции Республики Казахстан.

Рассматриваемым законопроектом критерии патентоспособности незарегистрированных промышленных образцов совпадают с критериями зарегистрированных промышленных образцов, которые позволяют защищать правообладателей от прямого копирования внешнего вида оригинальных изделий. В связи этим три вопроса.

1. В чем принципиальное отличие краткосрочной охраны в отношении незарегистрированных промышленных образцов от действующего механизма правовой охраны зарегистрированных промышленных образцов? Для каких сфер промышленности Казахстана наиболее актуально данное нововведение?

2. Какая подготовительная работа проведена Министерством юстиции для разъяснения правоприменителям правовых основ надлежащей охраны незарегистрированных промышленных образцов от копирования?

3. Планируется ли присоединение Казахстана к Женевскому акту Гаагского соглашения о международной регистрации промышленных образцов 1999 года? Спасибо.

ТӨРАҒА. Әділет вице-министрі Ақерке Естайқызы Ахметова, жауап беріңіз.

АХМЕТОВА А.Е. Спасибо за вопросы.

Отличие охраны зарегистрированных промышленных образцов от краткосрочной охраны незарегистрированных промышленных образцов заключается в их объеме и сроках.

Для защиты исключительных прав на промышленные образцы необходимо получение охранного документа (патента). Охрана предоставляется на 15 лет, есть возможность продления этого патента на 5 лет. Законопроектом вводится поправка о том, что патент будет выдаваться на 10 лет с возможностью продления по пять лет, но не более в общей сложности 25 лет.

Таким образом, мы приводим к мировой практике, к международным стандартам сроки охраны промышленных образцов, которые зарегистрированы.

Что касается незарегистрированных промышленных образцов. Вводимый механизм поможет защитить образцы от прямого копирования. Здесь предлагается срок охраны 3 года. Такая охрана будет предоставляться после обнародования.

По своей сути, промышленный образец – это новый дизайн. Если дизайнер обнародовал, опубликовал, экспонировал на выставке или использовал в торговле, был раскрыт каким-то иным любым образом, то такой объект будет подпадать под краткосрочную охрану незарегистрированных образцов. Такая система удобна в условиях меняющегося рынка, именно рынка аналогов. Например, это удобно для дизайна одежды, обуви, мебели, фурнитуры, это касается украшений, автомобилей, запчастей, кухонной утвари, бытовых приборов. Спектр здесь очень высокий.

Поскольку рынок товаров пополняется достаточно быстро и часто, дизайнерам невыгодно ожидать полный цикл экспертизы 7 месяцев, поэтому предоставляется краткосрочная охрана, когда они уже вывели на рынок или выставили на выставку.

Что касается вопроса по Соглашению о расширенном партнерстве и сотрудничестве. Есть Дорожная карта по сотрудничеству с Европейским союзом в рамках Плана действий по реализации соглашения. Там предусматриваются мероприятия по обучению. Одно из мероприятий мы провели в июне прошлого года на нашей площадке Министерства юстиции. Выступали представители Европейской комиссии, из Отдела интеллектуальной собственности Европейской комиссии, а также представители Европейского патентного ведомства.

В Плане на 2022 – 2027 годы, который был обновлен, предусмотрено еще одно мероприятие, которое будет проходить на площадке Верховного Суда, потому что будут приглашены как представители заинтересованных государственных органов и организаций, так и судьи, потому что, вы знаете, все споры по промышленным образцам могут привести в суд.

По вопросу присоединения Казахстана к Женевскому акту Гаагского соглашения о международной регистрации промышленных образцов.

Женевский акт Гаагского соглашения – это международный договор. Министерство юстиции сейчас рассматривает присоединение к нему. Эту работу мы начали еще в 2020 году. Начали с того, что мы присоединились к Евразийскому протоколу

по промышленным образцам. Сейчас у нас идет детальное обсуждение с Всемирной организацией интеллектуальной собственности касательно пошлин и единой модели для промышленных образцов. Это основано на том, что Казахстан, когда будет присоединяться к Женевскому акту, должен сделать заявление. Для того чтобы сделать это заявление, нам нужно сейчас проработать с Патентным ведомством и с предпринимателями, какой способ мы выберем, явочный или проверочный. Сейчас у нас в законодательстве проверочная система, но в Евразийском протоколе явочная система. Ее в основном используют в Турции, Евросоюзе. То есть когда при одной заявке более 100 объектов могут заявиться.

Сейчас мы смотрим практику правоприменения именно Протокола по промышленным образцам, которые работают в региональной системе. Он был ратифицирован в 2020 году. Сейчас мы посмотрим практику правоприменения, как это все у нас садится, экспертизу, уже потом будем вносить свои предложения. Это у нас как бы задел на будущее совершенствование законодательства. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет, Төраға.

Менің сұрағым Әділет министрлігіне.

Заң жобасында тауар белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары және географиялық көрсеткіштер үшін оппозициялық жүйені енгізу ұсынылады. Бұл жүйе осы зияткерлік меншік объектілері үшін қаншалықты қолайлы болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

АХМЕТОВА А.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Иә, бұл жүйе қолайлы болады, әсіресе жосықсыз бәсекелестікке жол бермеу үшін. Қазіргі уақытта қолданыстағы заңнама сараптама шешімдері қабылданғаннан кейін шағымдануды қарастырады. Ал осы оппозициялық жүйе енгізілгенде мүдделі тұлғалар шешім қабылдағанға дейін олар құқықтық қорғау үшін қарсылық білдіруге мүмкіндік береді. Тағы да оң әсері – өтініш берушілер үшін уақыт, қаржылық және еңбек ресурстарын үнемдеу, ал мемлекет үшін сотқа дейінгі талап арыздар санын азайту. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Гүлнар Қадіржанқызы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлына беріледі.

САФИНОВ Қ.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Бүгінгі қаралып отырған заң жобасы зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және оларды

заңнамалық реттеу жүйесін одан әрі жетілдіру, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген заң көмегіне құқығы бар тұлғалар тобын кеңейту мақсатында әзірленген.

Аталған заң жобасы арқылы 12 заңнамалық актіге, оның ішінде 3 кодекске және 9 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер:

Қазақстанда зияткерлік меншік нарығын дамыту;

авторлық құқық объектілерін қорғауды заңнамалық реттеудегі құқықтық олқылықтарды жою;

авторлар мен құқық иеленушінің мүдделері мен кепілдіктерін қамтамасыз ету.

Заң жобасының қабылдануы халықтың осал топтарының құқықтарын қорғауға мемлекеттік қолдауды күшейтіп, тегін заң көмегіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Парламент Сенатының комитеттері ұсыныс пен ескертулердің жоқ екендігі туралы қорытындылар жіберді.

Ұсынылып отырған түзетулер теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқтырмайды.

Баяндалғанды ескере отырып, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Сенат Регламентінің 58-тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік және мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету салаларындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда тұжырымдамалық мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қанатбек Бейсенбекұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қазақстанның 2025 жылға дейінгі стратегиялық жоспары жаңа технологияларды дамыту үшін заңнамалық жағдайларды қамтамасыз ету қажеттігін бекітті.

Заң жобасында депутаттар авторлық, сабақтас құқықтар, өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған бірқатар түзетулер енгізді.

Зияткерлік меншік және мемлекет кепілдік беретін заң көмегін көрсету салаларындағы басқа өзгерістер туралы әріптестер де, уәкілетті органның өкілі де баяндады.

Заң жобасын қабылдау туындылар мен өнертабыстарға авторлық құқықтарды қорғауға, оның ішінде сыйақылар төлеуге мемлекеттік қолдауды күшейтуге, зияткерлік меншік өнімдерін өткізу мүмкіндіктерін кеңейтуге, патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметін регламенттеуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа халықтың осал топтарына заң көмегіне тегін қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Осы себеппен заң жобасын қолдаймын және депутаттарды да қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік және мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету салаларындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Слово предоставляется Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам рекомендует Сенату включить в повестку заседания рассматриваемый сегодня законопроект во втором чтении. Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер! Комитеттің отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймыз.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар! Тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік және мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету салаларындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлына беріледі.

САФИНОВ Қ.Б. Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік және мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету салаларындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы зияткерлік меншік құқықтарын қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру және оларды заңнамалық реттеу, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген заң көмегіне құқығы бар тұлғалар тобын кеңейту мақсатында әзірленген.

Заң жобасының басты мақсаты зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және оларды заңнамалық реттеу жүйесін одан әрі жетілдіру, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген заң көмегіне құқығы бар тұлғалар тобын кеңейту болып табылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары мен тұрақты комитеттерінен заң жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 4-тармағына сәйкес Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік және мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету салаларындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қанатбек Бейсенбекұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік және мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету салаларындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі қаралған заң зияткерлік меншік құқығын одан әрі жетілдіруді көздейді. Заң осы құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың және патенттік сенім білдірілген өкілдердің қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге арналған. Сондай-ақ құжатта зияткерлік меншік құқықтары мен өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғауды күшейту мәселесі қарастырылған.

Заңда ұлттық заңнама нормаларын осы саладағы халықаралық ұстаным мен тәжірибелердің ережелерімен сәйкестендіруге қатысты нормалар да бар. Сонымен қатар енгізілген өзгерістер мемлекет кепілдік берген заң көмегін алу аясын кеңейтуге де бағытталып отыр. Алдағы уақытта осы заң елімізде зияткерлік меншік нарығын дамытуға, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етуге өз септігін тигізеді деп сенеміз.

Заңды әзірлеуге бастамашы болған әріптестерімізге алғысымызды білдіреміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Гүлнар Қадіржанқызының микрофонын қосыңыздар.



БИЖАНОВА Г.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Сенат депутаттары! Қолдағандарыңыз үшін сіздерге алғыс айтқым келеді. Бұл өте керек маңызды заң. Сондай-ақ жобаның бірлескен авторлары Волков Владимир Васильевичке және Сәуле Мұханбедианқызы Айтпаеваға жеке алғысымды айтамын.

Мы вместе тщательно отработывали законопроект. Я еще раз хочу поблагодарить уважаемых сенаторов за тщательную проработку законопроекта здесь, на этом этапе. Более того, с подачи именно сенаторов мы пришли к новым темам, к новым вопросам, по которым мы будем далее продолжать совершенствование этой важной сферы для всей экономики страны. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Жұмыстарыңыз табысты болсын! Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселе толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Мұрат Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Рақмет, құрметті Төраға.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Тоғжановқа.

«Құрметті Ералы Лұқпанұлы! Халқымызда «көре тұра айтпаған – көргенсіз, біле тұра айтпаған – жетесіз» деген нақыл бар. Жұмыс барысымен өңірге барып ауыл-аймақтарды аралаймыз, мектептерге барып, мұғалімдермен пікір алысамыз. Олардың көпшілігі білім саласында жүріп жатқан толассыз өзгерістерге көңілі толмайтындығын айтады. Осы кезге дейін білім саласында біз еліктемеген ел қалған жоқ шығар. Бірақ олар қоғамға қажет пе, мүддемізге сай ма, оған бас ауыртпадық, нәтижесінде тәуелсіздік жылдарында ең көп реформаға ұшыраған сала – білім саласы болды. Мысалы, соңғы бес жыл ішінде «Білім туралы» Заң 29 рет өзгерту мен толықтыруға ұшыраса, мемлекеттік білім беру стандарты 2000 – 2017 жылдар аралығында 7 рет өзгеріске түсті. Әрбір өзгеріс сайын оқулықтың мазмұны жаңарып, қыруар қаржы жұмсалып, жаңадан оқулықтар басылып жатады.

Дамыған елдерде, мысалы, Жапонияда мемлекеттік білім беру стандарты бірнеше жыл талқыланып, соңғы рет 2010 жылы өзгертіліп, осы кезге дейін өзгеріске түскен жоқ.

Орта мектептерде жаңартылған білім беру бағдарламасын жасауда тым асығыстыққа жол бердік. Айналдырған 4 жыл ішінде 3,5 миллион оқушыға білім беру реформасын жасап тастап, балаларымызды шексіз реформалардың тәжірибелік алаңына айналдырдық. Бірақ реформалардың нәтижесі мен олардың қандай деңгейде білім алғандарына ешкім жауап берген емес. Соңғы 30 жылда Қазақстанның білім беру жүйесінен 10 миллион адам өтіпті. Осы тұста біз тұлға қалыптастырушы орта мектептерге ерекше назар аударуымыз керек еді. Өйткені жаңа ұрпақтың өзіне деген сенімінің төмендігіне, маман, тұлға ретінде тиісті дәрежеде қалыптаса алмауының салдары мен қайшылықтарына біз де жауаптымыз. Бір-бірінен алшақ әлеуметтік топтардың болуы, олардың бір-біріне ашық қарсы шығуы, қатігездік пен озбырлыққа баруының түп-тамыры білімде жатыр. Себебі шын мәніндегі сапалы білімге қолы жететін орта бізде жеткіліксіз. Әлемдік банктің

зерттеуі бойынша елдегі оқушылардың 1 пайызы ғана сапалы білім алып жатыр. Оқушыларымыздың басым бөлігінің таңдау жасау мүмкіндігі жоқ. Олар негізінен екі, не үш ауысымдық мектептерде білім алууда. Оның үстіне соңғы үш жыл ішінде елімізде 1 миллион 277 мың сәби дүниеге келді. Бұл білім саласына түсіп тұрған үлкен демографиялық салмақ. Олар үшін келешекте кем дегенде үш мың мектеп салынуы қажет. Әлемдік банктің зерттеуінше қазір еліміздегі адам капиталының индексі бар-жоғы 63 пайыз. Бұл индекс – бала туылған сәттен бастап 18 жасқа дейін қалыптастырылуы тиіс оқушылардың қабілеттері мен дағдыларының жиынтығы. Біздің білім жүйесі осылардың 63 пайызын беріп отыр. Бұл білім саласына қыруар қаржы бөлінгенмен көптеген білім алушылардың алған білімі біліктілікке айналмай жатқандығын көрсетеді.

Біздегі білім берудегі теңсіздік пен алшақтық қаржыландыру саласында да, қала мен ауыл мектептерінің арасында да айтарлықтай үлкен. Мысалы, Назарбаев зияткерлік мектебі мен қарапайым мектеп арасындағы қаржыландыру айырмасы 6 есе болса, еліміздегі оқушылардың 44 пайызын құрайтын ауыл мектептерінде оқитын оқушыға Назарбаев зияткерлік мектебі оқушысының білім деңгейіне жетіп алу үшін 6 жыл уақыт керек.

Тағы бір үлкен мәселе үш тілділікке қатысты. Сөз жоқ, жастарымыздың ағылшын тілін білуін уақыт талап етіп отыр. Жалпы ағылшын тілін білу, оны терең игеру еліміздегі 3,5 миллион оқушының барлығына бірдей қажет пе? Балабақшадағы, 1-сыныптағы ойлау жүйесі әлі толық жетіліп қалыптаспаған, санасы үлбіреп тұрған қазақ сәбилеріне бірден үш тілді оқытудың қандай қажеттілігі бар? Ғылымы мен білімі жоғары Жапония, Финляндия, Франция, Қытай 10 жасқа дейін балаларын өзге тілде неге оқытпайды?

Әлемнің ең мықты деген 30 елінің бастауыш сыныптарында қанша тіл оқытатынын зерттеп қарасақ, екі тіл 1-сыныпта төрт елде, 2-сыныпта 5 елде, 4-сыныпта 12 елде ғана оқытылатынын көрдік. Ал Қазақстаннан басқа әлемнің бірде-бір мемлекетінде үш тіл мүлдем оқытылмайды. Демек шет тілін білу сауатты болудың басты көрсеткіші емес, ол әлемдік білім-ғылымның биігін игеру үшін қажетті құрал. Ал шынайы сауаттылық – өмірді білу, өзі таңдаған кәсіпті терең игеру, өмірдің сұраныстарына жауап бере алатын дағдылар мен қабілетін қалыптастыру. Бұл – әр ұлттың өзінің ұлттық тілімен ғана қалыптасатын өнеге. Сондықтан да Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «шет тілді оқытуды ата-аналардың қалауымен 5-сыныптан бастау орынды, әрі тиімді болады» деген өз пікірін айтқан болатын. Біз алдағы уақытта балабақшалар мен бастауыш сыныптардағы барлық пәндер тек ана тілінде оқытылуын қолға алуымыз керек.

Білім және ғылым министрлігі қазіргі ережеге сай 200-ден астам қызмет көрсетеді. Атап айтқанда, 900 мың бүлдіршіні бар 10 мың 300 балабақша, 3,5 миллион оқушы оқитын 7 мың 500 орта мектеп, 500 мың контингенті бар 820 колледж, 600 мың студенті бар 120 жоғары оқу орны және жарты миллионнан астам мұғалім мен педагогтың жұмыстарын үйлестіру керек. Бұл бір министрлікке өте үлкен салмақ. Сондықтан да кеше ғана Президент айтқандай министрліктің басқару жүйесін оңтайландыру жолдарын қарастырған дұрыс деп санаймыз.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы! Жоғарыда айтылғандардың негізінде қоғамдағы көп күрделі мәселенің тамыры білім саласында екенін негіздей отырып, жаңа әрі әділетті қоғам құру да бірінші кезекте білімді және саналы ұрпақ тәрбиелеуден басталатынын айтқымыз келеді. Білім саласындағы реформа үшін жасалатын реформа емес, баршаға тең мүмкіндік

беретін, осы елдің азаматы ретінде ойлауға және әрекет етуге дайын болатын, ұлттық мүддені кішкентай кезінен санасына сіңіріп өсетін азаматтар тәрбиелейтін білім жүйесін қалыптастыруымыз қажет.

Құрметпен, Сенат депутаттары Күрішбаев, Құртаев, Бактиярұлы».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСІП Н.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Үкімет басшысы Әлихан Смайыловқа жолданады.

«Жақында Алматыдағы спорт сарайында өте келеңсіз оқиға орын алды. Жастарға арналған «ИК» тобы мен «Шиза» деген лақап аты бар әншінің концертінде өте өрескел әрекет орын алды. Қазақстан Республикасының туы келемеж етілді. Әншілер тарапынан әдепсіз, анайы сөздер айтылды. Іле-шала кешірім сұрағаны және айыппұл төлегені мәлім болды.

Біздің бәріміз «Жаңа Қазақстан» құрамыз деген ниеттеміз. «Жаңа Қазақстанның» ең басты талабы – заң үстемдігі. Заң бәрімізге ортақ. Құр кешірім сұраумен құтылу – жауапкершіліктен жалтару деген сөз.

Мемлекет басшысы кеше бұған өзінің пікірін білдірді, «көк туымызды қастерлеп, тәуелсіздігіміздің символы – мемлекеттік рәміздерді қастерлеу әр азаматтың перзенттік парызы, байрағымызды пайдалану тәртібін қайта қарау керек», – деді.

Қоғам бұл оқиғаға Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Ішкі істер министрлігі қандай құқықтық баға беретінін әлі де күтіп отыр. Мәдениет және спорт министрлігі мен Алматы қаласының әкімдігі жауапкершілік жүгін сезіне ме? Олар неге үнсіз қалды?

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 372-бабы бойынша «Қазақстан Республикасының рәміздерін қорлау – екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алты жүз сағатқа дейінгі қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».

Әдетте концертті кімдер ұйымдастырады? Қалтасында қомақты қаржысы барлар өткізеді. Оларға мынандай мөлшердегі айыппұлды төлей салу түкке тұрмайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 434-бабы бойынша әртістердің көпшілік алдында былапыт сөздерді айтуы «ұсақ бұзақылыққа» жатады. Заң бойынша бұл үшін «5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады немесе 10 тәулікке қамауға алынады». 440- бапта көпшілік алдына ішімдік ішіп шыққаны, есірткі пайдаланғаны үшін жауапкершілік қарастырылған.

Еліміздің Ата заңында шығармашылық еркіндікке кепілдік берілген. Ал еркіндікті ессіздікпен алмастыруға болмайды! Ар мен ұят – ұлттық құндылықтардың негізгі өзегі болуы тиіс!

Әлемнің көптеген елдерінде концерт өткізудің процедуралық жолдары бар. Ел алдында орындалатын туындылардың мән-мазмұны мен мәтіні сол елдің идеологиясына сай келе ме, өнерпаздың жеке репутациясы қандай деген тексерістер алдын ала жасалады.

Концерттің маршруттық бағыты, репертуар мәселесі, қауіпсіздік шарттары өте қатаң қадағаланады.

Осы айтылғандарды ескере келіп:

мемлекеттік рәміздерді қорлау бойынша заңның баптарын барынша қатайтуды, белгіленген айыппұл мөлшерін екі есе көбейтуді және жаза мерзімін 5 жылға дейін ұзартуды;

«Мәдениет туралы» Заңға концерттер және тағы басқа мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастырушылар мен жекелеген өнер өкілдерінің халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ететін баптар енгізуді, әдепсіздік көрсеткен, былапыт сөз айтқан, есірткіге елігіп, ішімдік ішкен әншілерді, өнерпаздарды 5 жылға дейін сахнадан алыстатуды;

Мәдениет министрлігі жанынан репертуарлық алқа мен республикалық және аймақтық көркемдік кеңестер құрылғаны белгілі. Солардың жұмысын күшейтуді;

бұқаралық мәдени шараларды өткізу мен жүргізу талаптарына халықтың салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпын сақтау мен сыйлау ережелерін енгізуді, осы талаптарды бұзған шығармашыл ұйымдар мен әншілердің қызметіне 5 жылға дейін шектеу қоюды талап етеміз.

Депутаттық сауалға заңда белгіленген тәртіппен жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен, Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында өңірлік маңызы бар мәселелерді шешу үшін аудандық және ауылдық деңгейдегі биліктің дербестігін кеңейту қажеттілігі туралы тапсырма берген болатын.

Президент тапсырмасының орындалуын бақылау мақсатында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының негізгі іс-шаралар жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың мамыр айында Қаржы және бюджет комитетінің мүшелері Жамбыл облысында болды. Іс-шара шеңберінде бюджетаралық қатынастар жүйесін жақсартуға, жекелеген бағыттарды қаржыландыруға, бюджетаралық операцияларды оңтайландыруға және тағы да басқа мәселелер бойынша ауылдық округтерге шықтық. Сондай-ақ төртінші деңгейдегі бюджеттің салық салынатын базасын кеңейту мәселесі аясында ауылдық округтердегі кәсіпкерлік объектілеріне шығып, «Өңірлерді дамыту бағдарламасы» және «Жамбыл облысы халқының табысын арттыру» пилоттық жобасы шеңберінде іске асырылған объектілердің мәселелері қаралды.

Аталған іс-шаралар қорытындысы бойынша арнайы мәжіліс өтті, осы кездесу барысында біраз мәселенің заңнамалық қамтамасыз етуді қажет ететіндігі, сондай-ақ

қолданыстағы заңнамалық актілерге түзетулер енгізуді талап ететіндігі туралы айтылды. Олардың ішінде төмендегі екі үлкен бағытқа ерекше қарау туралы сауалдар түсті.

1. Әдіснамалық тәсілдер жөнінде:

облигациялық қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемені өтеу мүмкіндігін қайта қарастыру ұсынылды. Себебі пайыздық мөлшерлеме 0,35 пайыздан 4,25 пайызға дейін өсті; бюджеттік субвенциялар мониторингі тетігінің күшін жою мәселесі көтерілді;

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап білім беру саласы бойынша шығыстарды ауданнан облыстық деңгейге берудің орындылығын қайта қарастыру мәселесі де талданды; алдыңғы жылдардағы жалпы сипаттағы трансферттерге талдау жүргізу жолымен 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде ескерілмеген шығындарды қайта қарау және тағы да басқа ұсыныстар енгізілді.

2. Төртінші деңгейдегі бюджет кірістерінің меншікті көздерін кеңейту мәселелері бойынша төмендегідей сауалдар түсті:

ауылдық округтің учаскелік полицейлері салатын айыппұлды ауылдық округтің бюджетіне беру;

алыс шетелден келген автокөлік құралдарына елімізде толық ресімделгенге дейін сол жерде уақытша тіркеумен салық салу мүмкіндігін қарастыру;

бюджетке 70 пайызды бөлу нормативі бойынша өндірістермен қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдерді, қоршаған ортаны ластағаны үшін айыппұлдар түсімдерін беру және тағы да басқа мәселелер қаралды.

Осылайша қабылданған шараларға және оның ішінде жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесін өзгертуге қарамастан, бюджетаралық қатынастарды одан әрі жетілдіруді талап ететін жоғарыда көрсетілген кемшіліктер әлі де жалғасуда.

Құрметті Әлихан Асханұлы, осыған байланысты жүргізіліп жатқан бюджетаралық қатынастарды реформалау шеңберінде жалпы сипаттағы трансферттерді қалыптастыруды ескере отырып, жоғарыда көрсетілген ұсыныстарды қарауды және осы депутаттық сауалға заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен, Қаржы және бюджет комитетінің мүшелері». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілгеннен бері пандемияға бөлінген қаражатты қоспағанда денсаулық сақтау саласы бюджетінің өсімі 76 пайызды құрап, үш жылда 793,6 миллиард теңгеге артты. Дегенмен де халық денсаулығының жалпы көрсеткіштері айтарлықтай жақсарды деп айта алмаймыз.

Ресурстардың қажеттілікке сай жүйелі бөлінбеуінің салдарынан халықтың медициналық көмекке деген өспелі сұранысы мен қанағаттандыру әлеуетінің арасында

сәйкессіздік қалыптасып отыр. Бұл медициналық қызметтерге қолжетімділікті шектеп, шағымдардың өсуіне және жалпы саланың көрсеткіштерінің нашарлауына ықпал етуде.

Соңғы үш жылда күтілетін өмір сүру ұзақтығының 2 жыл 9 айға қысқаруы, сәби мен ана өлімінің өсуі, халықтың қалта шығыстары көлемінің межеленген деңгейден 1,7 есеге дейін артқаны, ал емдеу мекемелерінің кредиторлық қарыздарының керісінше өсуі байқалуда.

Для достижения высоких результатов в рамках ограниченных ресурсов здравоохранения более чем в 80 странах мира функционируют государственные центры по научно-методической поддержке правительств в вопросах политики здравоохранения, ими определяется экономическая эффективность новых технологий, представляются рекомендации по разработке пакетов услуг, предлагаются приоритетные направления финансирования, обеспечивающие сбалансированность потребления услуг и ресурсов здравоохранения.

По данным Всемирной организации здравоохранения, отсутствие в стране системы оценки эффективности технологий здравоохранения ведет к удорожанию и неэффективному использованию до 40 процентов ресурсов отрасли. Поэтому развитые страны придают этому направлению большое значение и инвестируют в нее крупные средства.

Более 10 лет назад и в Казахстане в рамках проекта Всемирного банка были подготовлены первые специалисты, а в составе Республиканского центра развития здравоохранения созданы структурные подразделения для методологической поддержки системы здравоохранения на основе регулярных исследований и разработок. Однако в дальнейшем эта деятельность без должного финансирования и поддержки не получила развития. Сегодня организация существует только за счет оказания платных услуг, фактически полностью утерян пул подготовленных экспертов, некоторые направления были ошибочно выведены в конкурентную среду. Таким образом, важнейшие задачи отрасли остались без должного внимания.

Так, согласно международным рекомендациям для внедрения современных подходов в диагностике и лечении ревизия клинических руководств и протоколов лечения должна проводиться с периодичностью не реже 1 раза в 5 лет, с включением новых и исключением устаревших и неэффективных методов, что способствует высвобождению бюджетных средств и продвижению наиболее эффективных подходов.

На данный момент из актуальных 1115 клинических протоколов диагностики лечения 75 процентов не пересматривались последние 5 лет. Пересмотр в основном проводится односторонне по инициативе и в интересах самих производителей с целью включения новых лекарств или медицинских изделий, зачастую дорогостоящих, но не всегда эффективных.

Более того, с 2018 года эти функции переданы в конкурентную среду, что крайне негативно сказалось на разработке новых протоколов.

Ситуация с лекарственным обеспечением еще более серьезная. В настоящее время экспертиза клинико-экономической эффективности лекарственных средств и медицинских изделий для включения в пакеты ГОБМП и ОСМС, финансируемых из бюджета, также проводится за счет фармпроизводителей.

Сегодня список бесплатных лекарств только пополняется зачастую дорогостоящими препаратами, при этом ревизия на предмет исключения неэффективных не проводится или происходит очень редко, в основном из-за ухода с рынка производителя.

За последние пять лет список наименований изделий медицинского назначения в перечне централизованного закупа единого дистрибьютора за счет бюджетных средств вырос с 285 до 642, а лекарственных средств – с 719 до 1050. При этом кредиторская задолженность медицинских организаций большей частью состоит из задолженности перед единым дистрибьютором.

В течение ряда лет медицинскими организациями поднимаются проблемы тарифообразования, не покрывающие всех расходов и вытекающие из действующих клинических протоколов. С 2018 года разработка тарифов передана от Центра развития здравоохранения Фонду ОСМС. Однако подобная раздробленность единого процесса оценки технологий, разработки клинических протоколов, тарифообразования приводит к тому, что утвержденные расчеты услуг зачастую не всегда корреспондируются с фактическими затратами. При этом фонд разрабатывает тарифы и сам же является их стратегическим закупщиком.

В заключение хотелось бы акцентировать внимание еще на одном вопросе. В настоящее время Агентство по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан продолжает настаивать на передаче ключевых, имеющих стратегическое значение видов экспертной деятельности в конкурентную среду, являющейся в международной практике прерогативой государства. Считаем, что нужно пересмотреть весь перечень монопольных видов деятельности, рекомендованных для передачи и уже ранее переданных в конкурентную среду отрасли здравоохранения, с позиции их стратегического значения.

На основании вышеизложенного в целях рационального использования бюджетных средств просим рассмотреть все необходимые меры по поддержке и дальнейшему развитию государственной системы научного, методологического, аналитического сопровождения стратегических направлений отрасли на базе Национального научного центра развития здравоохранения с выделением необходимого объема финансирования.

С уважением, члены Комитета по социально-культурному развитию и науке».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2022 жылғы 2 маусым**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік және мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету салаларындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования законодательства в сферах интеллектуальной собственности и оказания гарантированной государством юридической помощи», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты**

**Г.Қ. БИЖАНОВАНЫҢ баяндамасы**

Доклад депутата Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
БИЖАНОВОЙ Г.К. .... 1

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ҚАЛТАЕВА Л.М. .... 3

АХМЕТОВА А.К. – Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі, вице-министр юстиции Республики Казахстан ..... 4

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. .... 5

АХМЕТОВА А.К. .... 5

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Қ.Б. САФИНОВТЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад секретаря Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам САФИНОВА К.Б. .... 5

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. .... 6

ВОЛКОВ В.В. .... 7

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік және мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету салаларындағы заңнаманы жетілдіру**



**мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования законодательства в сферах интеллектуальной собственности и оказания гарантированной государством юридической помощи» (второе чтение)

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Қ.Б. САФИНОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад секретаря Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам САФИНОВА К.Б. .... 7

**Сөз сөйлеген:**

Выступила:

БИЖАНОВА Г.Қ. .... 9

**Депутат М. БАҚТИЯРҰЛЫНЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Л. Тоғжановқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата БАҚТИЯРҰЛЫ М. к Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Тугжанову Е.Л. .... 9

**Депутат Н.Б. ЖҮСІПТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ЖҮСИПА Н.Б. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 11

**Депутат С.А. МӘКЕЖАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата МАКЕЖАНОВА С.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 12

**Депутат А.Ш. ӘЛНАЗАРОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**


Депутатский запрос депутата АЛЬНАЗАРОВОЙ А.Ш. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 13

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева